

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымына ақылы негізде оқуға қабылдау және оқушыларды ауыстыру ережесі

1. Жалпы ережелер

1. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымына ақылы негізде оқуға қабылдау және оқушыларды ауыстыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) 2011 жылғы 19 қаңтардағы «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» мен «Назарбаев Қорының» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 2-тармағына, ДББҰ Басқармасының 2025 жылғы 6 қарашадағы (№50 хаттама) шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы және оның ұйымдарымен ақылы іс-әрекеттер түрлерін жүзеге асыру ережесіне (бұдан әрі – Ақылы қызмет көрсету ережесі) сәйкес және білім беру қызметін жүзеге асыратын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымына (бұдан әрі - ДББҰ) филиалдарына оқуға қабылдауды ұйымдастыру тәртібін анықтайды (бұдан әрі - Зияткерлік мектептер).

2. Осы Ереже ДББҰ-ның «International Steppe School of Astana» филиалына оқушыларды оқуға қабылдау тәртібіне қолданылмайды.

3. Осы ережеде келесі түсінік қолданылады:

1) «Alumni NIS» қоғамдық бірлестігінің гранты – қайырымдылық және/немесе демеушілік көмек түрінде алынған Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 7-12 сыныптарында дарынды оқушылардың оқуына ақы төлеуге бөлінетін және өтеусіз негізде берілетін ақшаның нысаналы сомасы.

4. Келісім-шарт бойынша Зияткерлік мектеп көрсететін білім беру қызметтерінің құны Ақылы қызмет көрсету ережесіне сәйкес бекітіледі.

2. Зияткерлік мектепке қабылдау және оқуға қабылдау тәртібі

5. Зияткерлік мектептерге ақылы негізде оқушыларды оқуға қабылдау жыл бойы бос орындарға осы Ережеде белгіленген талаптар ескеріле отырып, конкурстық негізде жүзеге асырылады. Өтініштерді қабылдау туралы хабарлама Зияткерлік мектептердің интернет-ресурстарында жарияланады.

Заңды өкілдер жыл бойы жұмыс күндері осы Ереженің 1-қосымшасындағы үлгіге сәйкес Зияткерлік мектеп директорының атына өтініш береді. Өтініш тиісті оқу жылына жарамды.

Өтініштер осы Ереженің 2-қосымшасындағы үлгіге сәйкес тіркеу журналына тіркеледі.

6. Сыныптарда бос орындар болған жағдайда Зияткерлік мектептердің 1-9 сыныптарына және 11 сыныптарына ақылы негізде оқуға қабылдау жүзеге асырылады.

10 және 12-сыныптарға ақылы негізде қабылдау жүзеге асырылмайды, тек Зияткерлік мектептердің сәйкес білім беру бағдарламалары бойынша осы

сыныптарда алдыңғы оқу жылында толық оқыған немесе қазіргі уақытта оқып жатқан оқушыларын есептемегенде, сондай-ақ бос орындар болған кезде осы Ереженің 8-тармағында көрсетілген жағдайларда.

7. Зияткерлік мектептің 11-сыныбында ақылы негізде білім алуға келесілер үміттен алады:

1) басқа білім беру ұйымдарының 9-сыныбында оқуын аяқтаған немесе өтінішті қабылдау кезінде 10, 11 сыныптарда оқитын, негізгі орта білімді аяқтағаны туралы құжаты бар оқушылар;

2) Зияткерлік мектептердің 10-сыныбын аяқтаған оқушылар немесе өтінішті қабылдау кезінде «Өркен» білім грантымен оқитын 11-сынып оқушылары.

3) «International Steppe School of Astana» филиалының 10-сыныбын аяқтаған оқушылары немесе өтінішті қабылдау кезінде 11-сыныпта оқитын оқушылары.

8. Халықаралық Бакалавриат бағдарламасын жүзеге асыратын Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 11 және 12-сыныптарына оқушыларды ақылы негізде білім алу үшін ағымдағы жылдың қазан айының соңына дейін жүзеге асырылады.

12 сыныбында білім алу үшін Халықаралық Бакалавриат бағдарламасы бойынша 12 сыныпта оқитын немесе жаңа оқу жылы басталғанға дейін 11 сыныпта толық оқу жылы Халықаралық Бакалавриат бағдарламасы бойынша оқыған оқушылар бос орындар болған жағдайда және жоғары сыныптарда оқытылатын пәндері сәйкес келгенде үміттен алады.

9. «Alumni NIS» қоғамдық бірлестігінің (бұдан әрі – ҚБ) гранты бар оқушыларды ақылы негізде оқуға қабылдау интервью/сұхбат/тестілеуді өтусіз жүзеге асырылады.

ҚБ гранты бар оқушылардың ата-аналары өтінішке білім беру қызметін төлеу туралы ҚБ кепілдік хатын қоса ұсынуы тиіс.

10. Ақылы негізде оқуға келесілер үміттен алмайды:

1) соңғы оқу жылын бір немесе одан көп пәндерден «2» (қанағаттанарлықсыз) бағаға аяқтаған орта білім беру ұйымдарының оқушылары;

2) Зияткерлік мектебінен тәртіптік бұзушылық(тар) үшін оқудан шығарылған оқушылар.

11. Ақылы негізде оқу үшін оқушыларды конкурстық іріктеу (бұдан әрі - конкурс) ақылы негізде оқу үшін оқушыларды қабылдау комиссиясымен (бұдан әрі - комиссия) жүргізіледі.

Директор бұйрығымен Зияткерлік мектептің жұмыскерлері арасынан комиссия құрылады, комиссия төрағасы мен хатшысы анықталады және оқушыларға интервью/сұхбат/тестілеу өткізу кестесі бекітіледі.

Зияткерлік мектептер конкурс өткізу үшін оқушылардың дайындық деңгейін анықтау мақсатында тапсырмалар, бағалау критерилері мен парақтарын құрастырады және интервью/сұхбат/тест өткізеді.

Комиссия мүшелері оқушылардың дайындық деңгейін анықтау нәтижесі бойынша конкурс нәтижелері жиынтық тізімдемеге толтырылады және комиссия хаттамасы (бұдан әрі - хаттама) рәсімделеді.

Жиынтық тізімдемеге оқушылардың дайындық деңгейін анықтау нәтижелері сыныптар мен оқыту тілі шеңберінде жалпы балл бойынша жоғарыдан төменге дейінгі ретпен толтырылады.

Жиынтық тізімдемеге комиссия төрағасы және мүшелері қол қояды. Хаттамаға комиссия төрағасы мен хатшысы қол қояды.

Комиссия оқушылардың білімін бағалау нәтижесінде ақылы негізде оқуға қабылдау немесе ақылы негізде оқуға қабылдаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Оқуға қабылдау туралы шешім бос орындардың санына сәйкес қабылданады.

12. Конкурстың қорытындысы бойынша үміткерлер тең нәтижелер алғанда артықшылық құқығы келесі тәртіпте беріледі:

1) «Өркен» білім беру гранты бойынша сәйкес сыныпта оқитын немесе өткен оқу жылында толық білім алған Зияткерлік мектеп оқушылары;

2) «International Steppe School of Astana» филиалы мен «International Steppe School of Almaty» ЖШС оқушылары;

3) басқа оқушылар ақылы оқуға қабылдау туралы өтінішінің тіркеу нөмірі, күні мен уақытымен белгіленген кезегіне сәйкес.

13. Конкурс нәтижесі бойынша апелляция жүргізілмейді.

14. Комиссия шешіміне сәйкес Зияткерлік мектеп әкімшілігі үміткерлердің заңды өкілдеріне Зияткерлік мектепке келіп оқуға қабылдау туралы өтініш беру және Ақылы білім беру қызметтерін көрсету туралы келісім-шартқа (бұдан әрі – Келісім-шарт) қол қою туралы электрондық пошта немесе хабардар ету фактісін тіркеуге мүмкіндік беретін өзге де байланыс құралдары арқылы хабарлауы керек.

15. Үміткердің заңды өкілі Зияткерлік мектепке оқуға қабылдау туралы хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес тиісті мектеп директорының атына оқуға қабылдау туралы өтініш береді, ДББҰ Басқарма шешімімен бекітілген үлгідегі Келісім-шартқа қол қояды.

ҚБ гранты негізінде білім алатын үміткердің заңды өкілі Басқарма шешімімен бекітілген үлгідегі «Alumni NIS» ҚБ гранты бойынша білім беру қызметтерін көрсету туралы келісім-шарт (бұдан әрі – ҚБ келісім-шарты) жасайды.

Зияткерлік мектепке қабылдау туралы хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде заңды өкілден үміткерді оқуға қабылдау туралы өтініш болмаса және/немесе Келісім-шарт/ҚБ келісім-шарт жасалмаса оқушы Зияткерлік мектепке қабылданбайды және оның орны бос болып саналады.

Үміткердің заңды өкілі Келісім-шарт/ҚБ келісім-шартты электрондық цифрлық қолтаңбасын қолданып электрондық нұсқасына немесе қағаздағы нұсқасына қол қоюға құқықты.

Оқушылардың кәмелетке толған жағдайында, яғни он сегіз жасқа толғанда қабылдау және оқуға қабылдау туралы өтініштерге, сонымен қатар, Келісім-шарт/ҚБ келісім-шарттарына оқушының өзі қол қоюына болады.

Қағаздағы нұсқада қол қойылған келісім-шарттар осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес тіркеу журналында тіркеледі. Қағаз нұсқасындағы келісім-шартқа қол қойылғанда келісім-шарттың екінші нұсқасы заңды өкілге беріледі.

Электрондық нұсқада қол қойылған келісім-шарттың есебі автоматтық түрде электрондық жүйеде жүргізіледі және осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес үлгідегі электрондық журналға енгізіледі.

Зияткерлік мектепте директордың бұйрығымен істер номенклатурасына сәйкес келісім-шарттарды есепке алу және сақтау жұмыстарына жауапты жұмыскер тағайындалады.

16. Зияткерлік мектептердің оқушылар қатарына қабылдау бос орындарға комиссия хаттамасы, ақылы негізде білім алу үшін оқуға қабылдау туралы өтініші, екі жақпен қол қойылған келісім-шарт/ҚБ келісім-шарты негізінде Зияткерлік мектеп директорының бұйрығымен рәсімделеді.

Оқушыларды Зияткерлік мектепке оқуға қабылдау барысында Зияткерлік мектеп директоры анықтаған жауапты жұмыскерлер оқушы мен оның заңды өкілдерін келесі құжаттармен таныстыруға міндетті:

- 1) оқу бағдарламалары;
- 2) оқушыларды бағалау;
- 3) оқушыларға арналған ішкі тәртіп ережелері;
- 4) академиялық адалдықтың сақталуы;
- 5) мектептен шығарудың негіздері;
- 6) жатаханада тұру;
- 7) оқушыларды Зияткерлік мектептер арасында ауыстыру;
- 8) оқушыларды қорғау саясаты;
- 9) бракераж комиссиясының жұмысын ұйымдастыру;
- 10) Зияткерлік мектеп туралы Ереже.

3. Оқушыларды ауыстыру тәртібі

17. Ақылы негізде білім алатын Зияткерлік мектеп оқушыларын басқа Зияткерлік мектепке ауыстыру сол сынып параллелінде ақылы негізде білім алуға бос орындар болған жағдайда тіркеу нөмірі мен күнін, өтініштің түсу уақытын ескере отырып, белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ауыстыру жүзеге асырылмайды:

- 1) 11, 12 сыныптарға;
- 2) Халықаралық Бакалавриат бағдарламалары бойынша білім беру қызметін жүзеге асыратын Астана қаласының Зияткерлік мектебіне.

«International Steppe School of Astana» ДББҰ филиалының 7–12-сынып оқушыларын Халықаралық Бакалавриат бағдарламалары бойынша білім беру қызметін жүзеге асыратын Астана қаласының Зияткерлік мектебінде ақылы негізде білім алуға ауыстыру сыныптарда бос орындар болған жағдайда және

жоғары сыныптарда оқытылатын пәндері сәйкес келгенде, өтініштің тіркеу нөмірі мен күні, сондай-ақ өтініштің түсу уақыты ескеріле отырып белгіленген кезектілікке сәйкес жүзеге асырылады.

Оқушыларды ауыстыру туралы өтініш осы Ереженің 6-қосымшасындағы үлгіге сәйкес заңды өкіл толтырған өтінішінде көрсетілген Зияткерлік мектепке тапсырылады. Өтініштер осы Ереженің 7-қосымшасындағы үлгіге сәйкес тіркеу журналына тіркеледі.

18. Зияткерлік мектеп ішінде оқушыны оқу қазақ тіліндегі сыныптан оқу орыс тіліндегі сыныпқа немесе керісінше ауыстыру заңды өкілдің өтінішінің негізінде ағымдағы оқу жылы аяқталғаннан келесі оқу жылы басталғанға дейін жүзеге асырылады.

Өтініш Зияткерлік мектеп директорының атына осы ереженің 8-қосымшасына сәйкес тапсырылады.

19. Оқушыларды ауыстыру туралы өтініші оқушылар контингентін есепке алуға жауапты Зияткерлік мектеп директорының орынбасарымен өңделеді. Өтініш келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде оқушының заңды өкіліне ауыстыру кезегіндегі реттік нөмірі жөнінде немесе Зияткерлік мектеп директорының оқушыны ауыстыруға жазбаша келісімі туралы хабарлама жіберіледі.

4. Қорытынды ережелер

20. Оқушыларды қабылдау немесе ауыстыру кезінде Зияткерлік мектеп әкімшілігі оқушыларды оқудан шығару, оқуға қабылдау немесе ауыстыру туралы бұйрыққа сәйкес оқушылардың шыққан немесе қабылданған күнінен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде Бірыңғай ақпараттық-білім беру ортасына мәліметтерді өзектендіруі қажет.

Контингент туралы есеп тапсыратын күні оқушыларды қабылдау (келуі), шығару немесе ауыстыру жүзеге асырылмайды.

21. Осы Ережемен реттелмеген мәселелерді ДББҰ бекітілген құқықтық актілеріне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Зияткерлік мектеп әкімшілігі, ДББҰ шешеді.

2026 жылғы 30 сәуірдегі (№ 18 хаттама)
«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымына ақылы негізде
оқуға қабылдау және оқушыларды ауыстыру
ережесінің 1-қосымшасы

_____ (мектеп атауы)

директоры _____
(директордың аты-жөні (ол болған жағдайда))

Заңды өкілден

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты _____

Тұрғылықты мекен-жайы _____

ЖСН: _____

Телефон: _____

e-mail _____

ӨТІНІШ

_____ жылы туған менің балам

_____ (толық аты-жөні (ол болған жағдайда))

_____ (мектеп атауы)

Назарбаев Зияткерлік мектебінің _____ сыныбындағы оқу қазақ/орыс тіліндегі
(қажет тілдің астын сызыңыз)
бос орынға ақылы оқуға қабылдау мүмкіндігін қарастыруды сұраймын.

Осы өтініштің оқу жылы бойы мен көрсеткен сынып үшін жарамды екенімен таныстым.

Қосымша:

Оқушының сыныбын және оқу үлгерімін растайтын білім беру мекемесі басшысының қолымен және мөрімен расталған өткен және ағымдағы оқу жылының үлгерім табелі немесе басқа да құжаттың көшірмесі.

_____ (қолы)

« _____ » _____ ж.
(өтініш берген күні)

2026 жылғы 30 сәуірдегі (№ 18 хаттама)
«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымына ақылы негізде
оқуға қабылдау және оқушыларды ауыстыру
ережесінің 2-қосымшасы

**ОҚУШЫЛАРДЫ АҚЫЛЫ ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ҮШІН
ӨТІНІШТЕРДІ ТІРКЕУ ЖУРНАЛЫ**

№	Үміткердің аты-жөні	Үміткердің ЖСНі	Оқу сыныбы	Оқу тілі	Өтінішті қабылдау күні	Өтінішті қабылдау уақыты	Заңды өкілдің ТАӘ	Заңды өкілдің қолы	Байланыс деректері (моб телефон, e-mail)
---	---------------------	-----------------	------------	----------	------------------------	--------------------------	-------------------	--------------------	------------------------------------------

2026 жылғы 30 сәуірдегі (№ 18 хаттама)
«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымына ақылы негізде
оқуға қабылдау және оқушыларды
ауыстыру ережесінің 3-қосымшасы

_____ (мектеп атауы)

директоры _____
(директордың аты-жөні(ол болған жағдайда))

_____ (баланың заңды өкілінің аты-жөні(ол болған жағдайда))

Нақты тұрғылықты мекенжайы _____
ЖСН _____
e-mail _____
телефон _____

ӨТІНІШ

Менің 20__ жылғы _____ күні туған балам _____
(ТАӘ толығымен (ол болған жағдайда))

_____ (мектеп атауы)

Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқыту _____ тіліндегі _____ сыныбында ақылы негізде оқуға қабылдауды сұраймын.

Заңды өкіл ретінде оқушыны қабылдағаннан кейін төменгілерді қамтамасыз етуді міндеттенемін:

- 1) Зияткерлік мектептерде орнатылған оқушымен мектеп формасын сақтауды;
- 2) Академиялық адалдық бойынша Ережемен орнатылған талаптарды оқушымен орындауды;
- 3) Оқушымен және оның заңды өкілімен оқушыларға арналған ішкі Ережелерді, Ақылы білім беру қызметтерін көрсету туралы Келісім-шартта қарастырылған талаптарды орындауды;
- 4) Зияткерлік мектептің Медициналық қызметіне оқушы туралы заңды өкіл жазбаша түрде баланың физикалық, психикалық жай -күйіне әсер ететін тұқым қуалайтын, созылмалы аурулары және медициналық құжаттарды растай отырып орындалатын (жалғасатын) емдеу әдістері туралы ақпарат беруді. Егер растайтын құжаттарды ұсыну мүмкін болмаса, оқушымен Зияткерлік мектептің Медициналық қызметі ұсынған медициналық мекемелерде медициналық тексеруден өтуін қамтамасыз етуге міндеттенемін;
- 5) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында және Зияткерлік мектептердің нормативтік құқықтық актілерімен қарастырылған басқа міндеттемелерді сақтауға.

Мен жоғарыда аталған құқықтық актілермен таныстым және баламның жеке деректерін жинауға және өндеуге келісімімді беремін.

« _____ » _____ 20__ ж.

Қолы _____

2026 жылғы 30 сәуірдегі (№ 18 хаттама)
«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымына ақылы негізде
оқуға қабылдау және оқушыларды
ауыстыру ережесінің 4-қосымшасы

**Білім беру қызметін ақылы түрде көрсету туралы
Келісім-шарттарды тіркеу журналы**

№	Оқушының аты-жөні	Оқу сыныбы	Заңды өкілдің ТАӘ	Келісім-шарттың жасалған күні және №	Келісім-шартты заңды өкілге берген күн	Заңды өкілдің келісім-шарттың екінші көшірмесін алғаны туралы қолы
1						
2						
3						
4						
5						

2026 жылғы 30 сәуірдегі (№ 18 хаттама)
«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымына ақылы негізде
оқуға қабылдау және оқушыларды
ауыстыру ережесінің 5-қосымшасы

**Ақылы білім беру қызметтерін көрсету туралы келісім-шарттарды
электрондық тіркеу журналы**

№	Оқушының аты-жөні	Оқу сыныбы	Заңды өкілдің аты-жөні	Келісім-шарт № (№ЭД-___)	Келісім-шарт жасалған күн	Келісім-шарттың заңды өкілдің электрондық поштасына жеткізілген күні
1						
2						
3						
4						

2026 жылғы 30 сәуірдегі (№ 18 хаттама)
«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымына ақылы негізде
оқуға қабылдау және оқушыларды
ауыстыру ережесінің 6-қосымшасы

_____ (мектеп атауы)

директоры _____
(директордың аты-жөні (ол болған жағдайда))

_____ (заңды өкілдің ТАӘ (ол болған жағдайда))

Нақты тұрғылықты мекенжайы _____

ЖСН _____
телефон _____
e-mail _____

Өтініш

Сізден _____
(мектеп атауы)

Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқыту _____ тілінде жүргізілетін _____
сыныбында ақылы негізде білім алып жатқан оқушы
_____, (ЖСН _____),
(оқушының аты-жөні (ол болған жағдайда))

_____ (мектеп атауы)

Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқыту _____ тілінде
жүргізілетін _____ сыныбына оқуға _____ себебімен
(себепін жазыңыз)
ауыстыру мүмкіндігін қарастыруыңызды сұраймын.

Ауыстыруға өтініш қабылданбайды:

1. 11, 12 сыныптарға;
2. «International Steppe School of Astana» ДББҰ филиалының 7–12-сынып оқушыларын ескермегенде Халықаралық Бакалавриат бағдарламасы бойынша білім беру қызметін жүзеге асыратын Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебіне.

« _____ » _____ 20 _____ ж.

Қолы _____

2026 жылғы 30 сәуірдегі (№ 18 хаттама)
«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымына ақылы негізде
оқуға қабылдау және оқушыларды ауыстыру
ережесінің 7-қосымшасы

**ОҚУШЫЛАРДЫ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕР АРАСЫНДА
АУЫСТЫРУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШТЕРДІ ТІРКЕУ ЖУРНАЛЫ**

№	Үміткердің аты-жөні	Үміткердің ЖСНі	Оқу сыныбы	Оқу тілі	Өтінішті қабылдау күні	Өтінішті қабылдау уақыты	Заңды өкілдің ТАӘ	Заңды өкілдің қолы	Байланыс деректері (моб телефон, e-mail)
---	---------------------	-----------------	------------	----------	------------------------	--------------------------	-------------------	--------------------	------------------------------------------

2026 жылғы 30 сәуірдегі (№ 18 хаттама)
«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымына ақылы негізде
оқуға қабылдау және оқушыларды
ауыстыру ережесінің 8-қосымшасы

_____ (мектеп атауы)

директоры _____
(директордың аты-жөні (ол болған жағдайда))

_____ (заңды өкілдің ТАӘ (ол болған жағдайда))

Нақты тұрғылықты мекенжайы _____

ЖСН _____

телефон _____

e-mail _____

ӨТІНІШ

Сізден оқыту _____ тілінде жүргізілетін _____ сыныбында ақылы
негізде білім алып жатқан оқушы _____

(оқушының аты-жөні (ол болған жағдайда))

оқыту _____ тілінде жүргізілетін сыныпқа _____

(себепін көрсетіңіз)

себебіне байланысты ауыстыру мүмкіндігін қарастыруыңызды сұраймын.

« _____ » _____ 20 _____ ж. Қолы _____